«№ 3 Хромтау орта мектебі» КММ қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №4

Өтілген күні: 16.04.2021 ж
Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар, жергілікті мекеме қызметкерлері
Күн тәртібінде қаралған мәселелер:
1. «Оқуға құштар мектеп» жобасын мектепте жүзеге асыру ерекшелігі
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушыларға берілген әлеуметтік қолдау есебі
3.Қайырымды іс-шаралардың өткізілуі туралы

Тыңдалды:

1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Кулумгарина Р.Ж.

Республикалық деңгейде жүзеге асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсат-міндеттерімен , өзектілігімен таныстырып өтті.Жобаның ұсынылған модульдері бойынша түрлі бағытта жоспарлар бекіту мүмкіндігі ұсыныс ретінде айтылды.
Отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастырудың маңыздылығы яғни , балаларға мерекелерде кітап сыйлау үрдісін енгізу .Отбасылық кітапхана қорын жинақтау және балаларға насихаттау.
Кеңес мүшесі : Аманғалиева Н.Ж. балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру бағытында мектепішілік сайыстар, түрлі бағыттағы мазмұнды байқаулар өткізу қажеттігі айтылды.

2.Исмагулова Ж.С. - әлеуметтік педагог

Мектебіміздегі аз қамтылған , көп балалы отбасынан шыққан балаларға жыл сайын әлеуметтік көмек беріліп отырады. Биылғы оқу жылында да Аудандық білім бөлімі тарапынан 69 отбасына жаңа жылдық сыйлық таратылды. Наурыз айында аудандық білім бөлімі тарапынан 28 отбасына , мектеп ұстаздары атынан 10 отбасына азық-түлік берілді. Денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушыға 30 000 теңге /отыз мың теңге/ көлемінде көмек берілді.
Сөз алғандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Реймов Қ.Е.-әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларын жазғы демалыс лагеріне бірінші кезекте қамтылуын қадағалау қажеттігін атап өтті.
3.Қайырымды іс-шаралардың өткізілуі туралы -ДТІЖО/ Кулумгарина Р.Ж./

2020-2021 оқу жылында «Қоғамға қызмет» волонтерлық жобасы ұйымдастырылды. Жетекшісі болып Мұхтарова Г.С. тағайындалды. Жылдық жоспар құрылып, жоспарға сәйкес іс шаралар атқарылды.

«Бірлік» еріктілер тобы «Асар» челленджі аясында Теміржол көшесіндегі 16-шы үйдің тұрғыны Исмагулов Аманбай ардагердің үйіне барып көмек көрсетті.
Бұл игі шараның басты мақсаты – жастар арасында еріктілер жұмысын жандандыру, адамгершілік қасиеттер мен рухани құндылықтарды насихаттау.
28 наурыз «Игі істер күні» әр адам мүмкіндігі келетін бір жақсы іс жасайды. Бұл күні де «Қоғамға қызмет» ұйымының мүшелері бұл іс-шараға ат салысып қатысты.
"Біз игі істерді жақсы көреміз! " атты іс шараға белсене қатысқан «Бірлік» еріктілерімен 11 сынып оқушылары бірлесіп, зейнеткер, Нұрлыбаева 32 көшесінің тұрғыны Жаукарова А.С ауласын тазалады.
Технология пәнінің мұғалімі Зайнолла Р.Ә технологияның қосымша сабақтарында «Қоғамға қызмет» ұйымының мүшелерімен бірге медициналық маскалар тігіп, тұрмысы төмен отбасындағы оқушыларға тегін үлестірді.
Шешімі:
1. «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуы мен мектепішілік байқауды өткізу және марапаттау шараларына кеңес мүшелері Аманғалиева Н.Ж. мен Реймов Қ.Е. белсенді қатыстыру.
2. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасындағы оқушыларға жасалатын қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Г.Н.

Хатшы: Жолдыбаева Г.Ж